



Сапа және қауіпсіздік

2



Ұлтыңның ұлағатын ұғым, ұлым!

4



Тосыннан болар апатқа дайындық пысықталды

5



Жас ғалымның жетістігі

8



Сыр бойы

№167
(19845)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/
<https://twitter.com/syrboyi>
www.instagram.com/syrboyikz

5 қараша / СЕЙСЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

САРАП

Қазақстанда макроэкономикалық тұрақтылық қалыптасты

Жыл қорытындылауға жақын. Бұрын болжамған макроэкономикалық көрсеткіштер әзірге Қазақстан үшін қолайлы болып тұр. Мұнай нарығында қалыптасқан тиімді баға Қазақстанға ішкі жалпы өнімнің 4 процент өсімін қамтамасыз етуге негіз қалайды.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ.

Қазақстанда жоғары өсім қарқыны құрылыс-монтаж саласында қалыптасып отыр. 2019 жылдың 9 айында 2,9 трлн теңгенің құрылыс-монтаж жұмыстары атқарылды. 2018 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өсім 13,5 процент құрайды. Еліміз бойынша тұрғын үй алаңын пайдалануға беруде Түркістан, Қызылорда, Алматы, Қостанай, Павлодар облыстары мен Шымкент қаласы алдыңғы қатарда келеді.

Негізгі капиталға салынған инвестиция елімізде 8,5 трлн теңгені құрады. Қазақстанда ауыл шаруашылығына инвестиция салу тиісті кезеңмен салыстырғанда анағұрлым артты. Бұл келешекке салынған қаржы есебінде агроөнеркәсіп кешенінің болашағын үміт күттіретін бірлестірі. Сарапшылар Қазақстанның ішкі жалпы өніміндегі өсімнің мұнай шикізат өнімдерін экспорттауға қатысы болмағанын, бұл Ұлттық экономика министрінің есеpte методикасындағы ерекшеліктер мен индустриалды-инновациялық бағдарламаны орындаудағы оңды нәтижелердің жемісі деп атап көрсетеді. Қалай болғанда да осының барлығын оңды көрсеткіш ретінде болашаққа үмітпен қарауға негіз қалайды.

Бірақ сарапшылардың атап көрсеткеніндей, бүгінгі өсімді ұлғайту үшін экономикада үлкен құрылымдық өзгерістер талап етіледі. Бірқатар депуттар экономиканы банктің несиелендіруі төмендеп бара жатқанына алаңдаушылық білдіріп, тұтынушылық несиелену көлемінің нақты жалақы көлемінен екі есе асып түскенін мәлімдеді. Бұл тауекелі көп қадам, ол экономика өсіміне айтарлықтай әсер етпейді. Соңғы уақытта Қазақстан экономикасының осал бұйындары туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та жиі айта бастады.

Мемлекет басшысының айтуынша, жалпы елдегі макроэкономикалық жағдай тұрақты, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің динамикасы оң нәтиже көрсетіп тұр. Алайда отандық экономиканы әртарапандыру, өнімді жұмыспен қамту, халықтың табысын арттыру, әлеуметтік көмектердің қолжетімділігі секілді мәселелер әлі күнге толық шешімін тапқан жоқ.

Президенттің пікірінше, стратегиялық бағдарламаларды сапалы жүзеге асырудың негізгі міндеті халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға ғана орындалады. Президент әлемдегі әртүрлі жағдайларды ескере отырып, нақты есептелген, елдің макроэкономикалық, қаржылық және әлеуметтік тұрақтылығын сақтау жөнінде кешенді шаралар әзірлеуді тапсырды. Сонымен қатар «Қазақстан – 2050» Стратегиясының қазіргі кезеңде іске асуы тиіс міндеттемелерін орындау қажет екенін айтты.



Президент мемлекеттік шешімдер қабылдағанда сараптамалық жұмыстарды түбегейлі күшейту керек екенін, шағын және орта бизнес экономиканы әртарапандыру ісінде тірек күшке айналу керектігін, индустриалды-инновациялық бағдарламаны өнеркәсіп өндірісі мен өңдеу секторындағы құлдырауды тоқтатып, жаңа өнімдерді шығаруға мүмкіндік ашқандымен, экономика саласында түпкіліксіз серпіліс болмағанын атап көрсетті.

– Еңбек өнімділігін кемінде 1,7 есеге арттыруға және өндiлген қазақстандық өнімнің экспорттың едәуір өсiруiне басымдық берiлуi тиiс. Үкiмет дайын өнiмнiң экспортын 2022 жылы – 1,5 есеге, 2025 жылы 2 есеге арттыруы қажет, – деп тапсырды Президент.

Ия, еңбек өнімділігі түйткілді мәселе, біз бұл көрсеткіш бойынша дамыған елдерден едәуір қалыс келеміз. Бұл – енді парадокс.

Мемлекет басшысы өңірлік деңгейде бәсекеге қабілетті технологиялық

дамыған ең кемінде 3-5 саланы қалыптастыру керек екенін айтты.

– Индустриалды-инновациялық жергілікті және шетелдік сарапшылар жіті бақылап отыр. Бұған дейінгі бағдарламаларға олар байсалды қараған еді. Бізге индустриалды-инновациялық

Қазір әлемдік экономиканың өсуіне қатысты болжамдар тұрақсыз. 2020 жылы нарығы қалыптасып келе жатқан елдер мен дамушы елдердің экономикалық өсімі 2019 жылғы 4%-тік көрсеткішпен салыстырғанда 4,6%-ке дейін артады деп күтілуде, алайда оның болашағына сауда мен қаржылық дағдарыс қаупі төніп тұр. Осыған орай, көптеген елдің алдында экономикалық өсуге қол жеткізуде шешуші рөлге ие адами капиталды дамыту секілді өзекті міндет туындайды.

Соңғы жылдары Қазақстанда адами капиталды дамытуға ерекше көңіл бөліне бастады. Мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес, 2018 жылы білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, әлеуметтік көмек пен қамтамасыз етуді қаржыландыру жалпы шығын көлемінің 55,7%-ін құрады. Ішкі жалпы өнімге шаққанда оның жиынтық үлесі – 9,5%. Интеллектуалдық серпіліске жету үшін адами капиталдың әлеуетін пайдалану денсаулық сақтау мен мәдениеттің дамуына мүмкін емес. Соңғы 10 жыл ішінде денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерге инвестициялардың жыл сайын орта есеппен 12%-ке артуы байқалады. 2018 жылы инвестиция көлемі 113,2 млрд теңгені құрады, ал 2019 жылдың соңғы 7 айында 57 млрд теңгеге жетті. Инвестициялардың негізгі көлемі республикалық бюджет пен кәсіпорындардың меншікті активтері есебінен құрылды, олардың үлесі сәйкесінше 38,3% және 36,6%-ті құрады. Жергілікті бюджеттің қаражаты оның тек бестен бір бөлігіне ғана тиесілі. Былтыр денсаулық сақтау саласына мемлекеттік бюджеттің шығыстары 1,17 трлн теңгені, ал әлеуметтік көмекпен қамтамасыз етуге 2,75 трлн теңгені құрады. Президент коммерциялық банкілердің пайда табу мақсатында қаржыны тұтынушылық несиелерге қарай бұрып, бизнесті несиелену көлемін төмендетіп жібергенін сында алды.

Қаржы реттеушісінің мәліметі бойынша, экономиканың әр секторының 50 проценттен астамы – банкілердің мүдделерін көздейтін орнықты әрі қаржылай тәуелсіз кәсіпорындар. Алайда олар банк несиелерін тартуға құлықсыз. Неге? Мүмкін коммерциялық банкілер белгілейтін шарттарды ол кәсіпорындар тартымсыз деп санайтын шығар? Қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету мен нақты секторды несиелендіру туралы таңдаудың алдында тұрған Ұлттық банк тиімді шешімдер қабылдауы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қорыта айтқанда, осының барлығы Қазақстан экономикасы үшін тауы перспективта атқарылатын міндеттер қатарына жатады. Ол өсімді жеделдетеді, халықты өнімді жұмыспен қамтамасыз етудің кепілі болып табылады.

Мемлекет басшысы.

КӘСІПТІК БІЛІМ

“Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжіне жаңа басшы келгені жанару үдерісі басталды” дегенді естігенбіз. “Халық айтса, қалт айтпайды” екен, шынында. Барлық көрдік. Көп істің ілгері баса түскенін сездік.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Кемелді іске көшкен колледж

Бұрынғы еңбек ырғағы өзгере бастаған. Әрбір кызметкердің, әрбір білім алушының талпынысы көңіл қуантады. Іскер азаматтар тігін шеберханасын іске қосып, тапсырыс қабылдайтын жағдайға жеткен. Негізгі ғимарат ескі болғанымен, айналасы әрленіп, келген кісі сүйсінетін оң пайда болыпты. Қысқасы, бұл колледж нарық бәсекесіне маман даярлауда тың арна салған секілді.

1961 жылы аудандық №187 ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесі болып құрылған білім орналасқан сол кездері ауылшаруашылық мамандары ғана даярланған. Алғашқы жылдары училищеге қазіргі ТМД елдерінен арнайы талапкерлер келіп дәріс

есепке ала отырып, қажетті мамандар даярлау мақсатында колледждің материалдық-техникалық базасын жетілдіруге де басымдық берілуде. “Жастар жылы” аясында қолға алынған “Жас маман” жобасы бойынша колледж 260 млн теңге үтіп алған. Бұл қаржыға “Автомобиль жөндеу” шеберханасы мен “Автотөкіттердің электр құрылғыларын жөндеуші” электрік” дайындайтын зертхана ашпақ. Бұдан өзге колледж жанынан 27 тігін машинасы орнатылған арнайы шеберхана тапсырыс қабылдап, кәсіпкерлік бағытта жұмыс жасауда. Алдағы уақытта жылыжай салу да жоспарда тұр. Оған қоса 160 орынды асхананы жөндеу жұмыстары аяқталса, студенттер тамақтанып қана



алыпты. Қазіргі таңда кәсіптік білім орналасқан мамандықтар арқылы жұмыс істеуде.

– Біздің басты мақсат – дуалдық оқыту жүйесі арқылы сапалы жұмысшы кадрлар дайындау. Сондай-ақ, бәсекеге түсе алатын мамандықтар бар, кейін жұмысқа орналаса алатын, кәсіби біліктілігі жақсы тұлғаны өсіру, – дейді колледж директоры Жомарт Шауенов.

Құрылғанына елу сегіз жылға жуық уақыт болған кәсіптік білім ордасында осы кезге дейін 17400-ге тарта маман тұлғаны тәрбиеледі. Олар еліміздің дамуында табысты еңбек етіп, өз қолтабысын қалдырды. 2005 жылға дейін білім ордасы 6 мамандық бойынша мамандар даярласа, бүгінгі күні олардың саны 14-ке жетіп отыр. Қазір колледж қабірғасынан тігіншіліктен бөлек денекерлеуші, аспаз, автомобиль жөндеуші мамандықтарын да алып шығуда болады. Жыл сайын зертхана мен шеберханалар саны да артып келеді. Ал іскер бастының бастамасымен маман дайындауда үлкен өзгеріс барына көз жеткендей болды.

Қазір мұнда 561 студент бар. Жастардың кәсіптік білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз етуге 84 педагог атсалысады. Еңбек нарығының сұранысын

қоймай, бұл жерде аспазшы мамандығындағы жастар арқылы тәжірибемен өтетін болады. Сондай-ақ, студенттерге 100 орынды жатақхана қарастырылған.

Спорттың 12 түрін үйірмелер жұмыс жасап, жастарды салауатты өмірге бейімдеуде. Ғимараты ескі болғанымен, Жомарт Шауеновтің арқасында колледждің келбеті қайта түлеуде.

– Рәсімен, колледж ғимараты ескі. Соның барлығына жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Колледжден жастар жай ғана маман емес, сұранысқа ие кәсіби біліктілігі жақсы маман болып шығуы тиіс. Осыны ескеріп, білісін, үйренсін, кәсіпке икемделсін деген ниет біздікі, – дейді ол.

Жалпы, еңбек нарығына қажет мамандарға деген сұранысты ескере отырып, оқу орнының материалдық-техникалық базасын нығайту, оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби шеберлігін өндірісте шындала, жастарды еңбекке бейімдеу – мұндағы басты ұстаным. Бұл ретте колледж бәсекеге қабілеттілігін қай сапаны нығайтып, қай күрмесудің де келті білікті мамандар қолдана екенін тың бастамаларымен дәлелдей түседі.

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

«Шіркейлі» көпірі бітуге таяу

«Шіркейлі» каналына салынып жатқан көпір құрылысы бітуге таяу. Осы маңызды нысан арқылы сол жағалаудан «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізіне тікелей шығуға болады.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Жалпы металдық құны 840 миллион теңгеге жуық көпір құрылысы «Сервис НС» ЖШС жүргізуде. Республикалық және облыстық бюджеттен қаржыландырылған нысан желтоқсан айында пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Облыстық жолдаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мәліметінше, көпірдің құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша арнайы тіреулер мен бетон қалалар бұрғыланып, ар-



матуралық қаңқалары тоқылып, бетондалған. Бүгінде 45 дана арқалық орнатылып, құрылыстың негізгі конструкциясына қосымша арматуралық тоқу мен бетондау жұмыстары жүргізілуде.

Ұзындығы 100 метрден асатын көпірдің жанынан жаяу жүргіншілер жолы да қарастырылған. Төрт жолақты көпір пайдалануға берілген жағдайда Шіркейлі, Н.Илиясов, Шаған сияқты күре жол

бойындағы ауылдарға барып-келу бірнеше шақырымға қысқарады. Көлігі барлар үлкен жолдан қаланы жаңа және ескі шағын аудандарына тікелей көпір арқылы қатынай алады. Айтпа кетсек, бүгінде



Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

НАЗАР

Әлеуметтік нысандар жұмысы — бақылауда

Қызылордадағы Ана мен бала орталығында қазір жөндеу шаралары жүріп жатыр. Өткен сенбиде қаладағы бірқатар әлеуметтік нысанды аралаған облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов жұмыстың уақытылы әрі сапалы аяқталуы керектігін ескертті.

Аталған орталық 2014 жылы Астана күні қарсаңында пайдалануға берілді. Төрт қабатты ғимаратта әйелдер мен дүние есігін ашқан нәрестелерге неонатология, анестезиология, реаниматология, акушерлік және гинекология мамандықтары бойынша қызмет көрсетіледі. Орталық соңғы үлгідегі медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Бүгінде ол ана мен балаға көмек көрсететін барлық емдеу, сауықтыру, аурудың алдын алу ұйымдарының үйлестірушісіне айналып отыр.

Медицина нысанында болған аймақ басшысы жөндеу жұмысына көңілі толмайтынын білдірді.

— Сағат 10 болды, жұмысшылар әлі жоқ. Неге? Өткен атапта басталған істен ілгерілеушілік көріп тұрғаным жоқ. Желтоқсанда ғимаратты тапсырамыз деп асығыс, шалашарпы жөндеудің керекті жөңі, — деген облыс әкімі орталық басшылығына жұмыстың сапалы атқарылуын басты назарда ұстауды қатаң ескертті.

Одан кейін аймақ басшысы былтыр ғана жиырма жылдық мерейтойын атап өткен ТМД бойынша теңдесі жоқ ғимарат — облыстық медицина орталығына барды. 166 жыл бұрын құрылған шағын емдеу мекемесі бүгінде заман талабына сай көпсалалы кешенге айналды. Адам ағзасының барлық мүшесіне операция жасалатын аймақтағы жалғыз орталықта озық технологиялар мен соңғы үлгідегі қондырғылардың қолданылуы мен жаңаруына зор көңіл бөлінеді. Облыс әкімі осы орайда пациенттерге медициналық қызмет көрсету сапасын одан әрі арттырудың маңыздылығына тоқталды.

Дәрі-дәрмек, азық-түлік пен көмір бағасы, халыққа көрсетіліп отырған қызмет сапасы да назардан тыс қалған жоқ. Аймақ басшысы әлеуметтік дүкендер мен базарларды аралап, жағдайымен танысты. Сонымен қатар, «Қызылорда тазалығы» мекемесіне алынған жана арнайы техниканы көріп, жылу орталығында болды. Облыс орталығындағы көмір сататын арнайы орындардың жұмысын назарға алды.



Айта кетейік, аймақ басшысы нысандарды жауапты қызметкерлерге алдын ала ескертусіз аралады. Ондағы мақсат — халыққа қызмет көрсететін әлеуметтік нысандардың шынайы жұмысын көру, бағалау. Қала нысандарын аралау қорытындысы бойынша жауапты сала басшыларына тапсырмалар берілді. Бұл жұмыс облыс әкімінің жеке қадағалауында болады.

«СБ» ақпарат.



Озық идеялар орталығы

Ел астанасы — Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан Назарбаев университеті он жылға таяу уақыт жоғары талап деңгейінде қызмет көрсетіп келеді.

Ғазиза ӘБІЛДА.

ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 2010 жылы негізі қаланған ЖОО-ның негізгі білім беру жүйесі ғылым, технологиялар, кәсіпкерлік, медицина, мемлекеттік басқару, білім беру саласындағы ел көшбасшыларының жаңа буынын оқытуға, сол арқылы еліміздің өркенінің ілгері дамуына қолдау көрсетуге бағытталған.

НУ-дың негізгі ерекшеліктері — заң түрінде бекітілген академиялық еркіндік және институционалды дербестік. Халықаралық оқытушы-профессорлар дәріс береді. Оқыту мен ғылыми зерттеулер ағылшын тілінде жүргізіледі. Оқуға түсу және оқу кезінде қатаң академиялық талаптар қойылады.

Сондай-ақ, бакалавриат бағдарламасынан бастап білім мен ғылымды интеграциялау, ғылымды өркендету жолында әлемдік деңгейге сай ғалымдарды, мамандарды, жетекшілер мен кәсіпкерлерді даярлау жүзеге асырылады.

Айта кетейік, бойындағы білім деңгейіне сәйкес әрбір қазақ баласы Назарбаев университетіне тегін түсе алады. Әлемде теңдесі жоқ, қолайлы жағдай жасалған кампусқа түлектердің терең білім алуына мүмкіндік мол. Мысалы, тәулігіне үзіліссіз қызмет көрсететін университет кітапханасы әлемнің әр түкпірінен қажетті ақпаратты дер кезінде тауып беруге қауқарлы. Сондай-ақ, студенттердің қалаған спорт түрімен шұғылдануына да жоғары талапқа сай шаралар қамтамасыз етілген.



Бүгінгі таңда университетте 5448 студент білім алып жатыр. Олардың қатарында Сыр өңірі түлектерінің де үлесі бар. Өткен сенбиде Назарбаев Университетінің профессор-оқытушылары мен мецендерлері Қызылордаға келіп, «Достық үйінде» ауқымды жиын өткізіп, жас талапкерлерге оқуға түсудің жолдарын түсіндірді.

Аталған жиынға ағылшып келіп жатқан үміткерлерді көріп, аймақ түлектерінің білім деңгейін бағамдап, биік талғамын танығандай болды. Айта кетейік, университетке түсудің алғы шарттары мынадай: FOUNDATION-ға түсу. Дайындық мектебі,

1. Admissions.nu.edu.kz сайтына тіркелу,
2. Жеке кабинет ашып, 3000 теңге жарна төлеу,
3. Сауалнама толтырып, құжат жинау,
4. APTIS, NUFYP ET, IELTS емтихандарын тапсыру. Сол секілді, онлайн құжат тапсыру, грантка немесе ақылы бөлімге түсу шарттары жайлы кеңірек ақпараттар берілді.

Шетелдік сарапшы тәжірибесімен бөлісті



Талап пен талғамының, қабілеті мен қарымының арқасында іскерлігін дәлелден жүрген Данила Танқыбаева бүгінде көркем бизнесті жаңаландыруда. 15 жылға жуық сұлулық индустриясында қызмет етіп жүрген оның қазір Қызылорда қаласында «Грация», «Адема» және «3 Д» салондары бар.

Мәлімді ҚАЛЫМБЕТ.

Кәсіпкер мұнысымен өзгеріске толы бизнесті ортаға бейімді көрсетуде. Тәжірибесі жинақтап, жаңаға ұмтылуы естен шығармайды. Жуырда салондағы шеберлердің біліктілігін арттыру үшін «Прэко Қызылорда» консалтингтік компаниясының көмегіне жүгініп, Германиядан арнайы маман да шақырты.

Оқыту семинарына келген шетелдік эксперт Ульрике Мария Вирбель-Дангельдің Аулендорф қаласында жеке салоны бар екен. Қазір ол Оңтүстік Германияда жас мамандардың шеберлігін шыңдауға атсалысып келеді. «Кәсіпке деген махаббат — бизнесті бас-

ты дүние» деп білетін табысты кәсіпкер қызылордалықтарға да бір білгенін үйретті. Басқару бағыттарының, кәсіпкерлік саласының қыр-сырымен бөлісті. Сондай-ақ, биылғы сәндегі тенденцияларды, паш кию мен оны бояудың түрлі тәсілдерін көрсетті. Ал, шеберлер ерекше шабыт алып, біліктілігін одан әрі арттырғанына қуанышты екенін айтып жатты. Осындай мүмкіндік сыйлаған Данила Танқыбаеваға ризашылығын жеткізді.

Қазіргі нарық жағдайында кенесшілердің көмегіне бизнесі дамыту қиын. Сондықтан дамуға, жетілуге инвестиция салып оты-

ру керек. Тәжірибелі SES-экспертті ыңғайлы төлем аясында шақыртуға мүмкіндік берген «Прэко Қызылорда» компаниясына алғыс білдіреміз. Ең бастысы, мамандардың тың тәжірибесі жинағанына қуаныштымын, — деді Д.Танқыбаева.

SES эксперттер қызметі Германия мен Қазақстан арасында шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында жүзеге асып келеді. Ол — персоналды басқару (HR), қызмет көрсету мен тауар өндірісі, маркетинг, қаржы мен бизнес-жоспарлау және басқа да бағыттар бойынша 10000-нан аса мамандардың басын құрайтын ірі ұйым. Бүгінде оның көмегімен бірнеше эксперт елге келіп, тәжірибесімен бөлісті. «Прэко Қызылорда» консалтингтік компаниясы өкілдерінің айтуынша, экспертті шақыртуға өтінім беруші кенесшінің жатын орны мен тамағын, тәулігіне 5 еуро көлеміндегі төлемін ұйымдастыруға міндеттеледі.

БРИФИНГ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық тауарлар мен қызметтің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің басшысы Ғалия Бәйменованың қатысуымен брифинг өтіп, Президент Жолдауынан туындаған міндеттер мен алдағы жоспарлар және биылғы тоғыз айда атқарылған жұмыстар баяндалды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Сапа және қауіпсіздік



Аймақта аса қауіпті инфекциялар мен туберкулез ауруы бойынша эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Атап айтқанда, туберкулез аурушандығы өткен жылмен салыстырғанда 3 жағдайға төмендесе, жұқпалы аурулардың 8 түрі тіркелмеген. Ал қызылшаның эпидемиологиялық жағдайы зертханалық жолмен нақтыланып, есепке алынған. — Аурудың одан әрі тіркелуінің алдын алу мақсатында биылғы сәуір айынан бастап 9-10 айлық балаларға, 40 жасқа дейінгі медицина қызметкерлеріне және егу мәртебесі белгісіз, бұрын егілмеген, ауырмаған адамдарға қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы екпе науқаны жүргізілуде.

Апталық мониторингке сәйкес облыс бойынша аталған ауруға қарсы КПК вакцинасымен 13972 азамат қамтылған, — деді ол.

Сондай-ақ, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының кеңесін негізге ала отырып, тұмаудың эпидемиологиялық жағдайына байланысты 8 нысан бойынша материал облыстық ауданаралық экономикалық сотқа жолданып, сот шешімімен 4-інші жұмысы уақытша тоқтатылған. Ауыз су сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы орталықтандырылған ауыз судың микробиологиялық қорытындысы бойынша 8,2 процентке жақсарғанын көрсеткен. Қазіргі кезде облыс халқының 97,5 проценті орталықтандырылған сумен, 2,4 проценті орталықтандырылмаған ауыз сумен қамтылса, 0,2 проценті тасымалданатын суды пайдаланады.

Кәсіподақ өнерлілерді қолдайды

«Senim» Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы республикалық қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Кәсіподақ өнерлі мүшелерін қолдайды» атты салааралық өнер байқауы өтті.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Оған қазақстандық білім және ғылым қызметкерлерінің салалық кәсіподағы облыстық кәсіподақ комитеті төрағасының бірінші орынды 72 ұпай санымен №3 емхана аласа, екінші орынды 71 ұпаймен «Alexei Sultan Ahmet» ЖШС емханасының бөлім меңгерушісі Бағдатұл Есмұрзаева, облыстық денсаулық сақтау басқармасының персоналды басқару және ұйымдастыру бөлімінің бас маманы Ғалия Ысқақова, аумақтық кәсіподақтар бірлестігі облыстық орталығының бас маманы Майра Боранбаева және «Senim» Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы Асылхан Абылайханұлы қазылық етті.

«Өн өнері», «Аспапта өйнау шеберлігі» және «Жеке немесе топтық би» байқауында «Сыр бойы» компаниясына алғыс білдіреміз. Ең бастысы, мамандардың тың тәжірибесі жинағанына қуаныштымын, — деді Д.Танқыбаева.

БАСПАӨЗ - 2020

6 айға жеке-кеңес үшін /3000 тт.
Мекемелер үшін /4000 тт.

ҰЛТЫҢНЫҢ ҰЛАҒАТЫН ҰҒЫН, ҰЛЫМ!

Балам Болатқа арналған жырлар

Дем берген кісі қайда кеше келіп?..
 Шешен өліп барады,
 Шешен өліп!..
 Шалғы бауды шошымды
 шеше беріп,
 Көк жыландар кеткендей
 көшеде өріп...
 Құлады құлағынан қан құйылып,
 Жазған-ай,
 Жанғаласты жанды үйіріп.
 Қансырады қалғанда таң білініп,
 Жер астынан жатыр ма
 дәм бұйырып?..

Шабьттанып шашқандай
 күн шуағын,
 Шешек атып,
 Тербеліп тұр шынарым.
 Құлыншақтай құлдырап.
 Құлшынамын!..
 Қарағым,
 Қайта жанды бір шырағым.

Қуанып құрдастарым құрақ ұшқан:
 – Көз жазып қалма, – деген, –
 мына құстан...
 Су жағалап сұлулар сыр алысқан,
 Қазды қағып қайтуға қыран ұшқан.

Бал-бұл жанған бақшалдан
 ұрладым гүл,
 Жүрегімді жүлқиды
 бір жалын жыр.
 Сызылып сәлем берген
 сыргалым бұл,
 Жырлайтын кезің келді,
 Жырыла, бұлбұл!

Жерде ме екен сұлу саз,
 Көкте ме екен?!
 Көңілденген кездерім көктем
 екен...
 Өкпелеген!
 Кайтейін өкпелесен?!
 Екінші рет үйленем деп пе
 екем мен?..

Қу тірлікті жалықтым
 жалғыз құрап,
 Жыпылықтап жанатын
 жалғыз шырақ...
 ...Жарасына қызым жүр
 жалбыз сұрап,
 Жанарында тұрғандай
 жалғыз сұрақ.

Жарандар келіп жатыр,
 Жаны ашды..
 Қайтадан тіккендейміз
 қараша үйді.
 Қайталап қатын алған данасиды,
 Кім білсін, қай қатыннан
 бала сүйді?..

Тірліктің жүрген жанбыз
 жорығында,
 Әкеніз тұрғандайын торуылда.
 Жаңалық болдым, балам,
 Аңаңның отыр кісі орынында.
 Кезінде кер жорғаға мінген едім,
 Көлеңкем түсер енді кімге менің?
 Ұл-қыздың көздерінен
 мұң көремін,
 Мұнайған үйде қалай күн көремін!?


Жарымыз жаңа түскен
 жаутаңдаған,
 Жандайын айтатынын
 айта алмаған.
 Кездер-ай айғыр да аман,
 Байтал да аман...
 Жайым бар жауыр аттай
 қайқандаған.

Келер күн,
 Кербез басып келші деймін!..
 Кен қазған шекарадан кеңшедеймін.
 Екі елді елдестіңер елшілеймін,
 Емдеген елдермені емшедеймін?
 Аңасын аңсап қызым алаңдаған,
 Құлындай құйрық-жалы
 таралмаған...
 Жандаймыз барар жерге
 бара алмаған,
 Жарасып жүріп жатсақ жарар,
 балам.

Үш жылдан барады асып үйленгенді,
 Кермарал келіншегі үйге енгелі.
 Кеудені көңілді бір күй кернеді,
 Көрікті көрнеді күйемдегі.
 Бұлдірмей,
 Бүтін өтіп бұрылыстан,
 Бірі дос,
 Былайғаның бірі дұшпан...
 Жетер ме биігіне бұрын ұшқан?..
 Жеріме жетсем деген
 жеткендеймін,
 Шырағым,
 Шүкіршілік еткендеймін.
 Көңілді күндерімді көктем деймін,
 Кім білсін,
 Келгендей кім?
 Кеткендей кім?..
 Күнде той,
 Күнде жиын жүрген жерің,
 Жөн болар ұлым, енді үйленгенің.
 Келінің көрейік те үйге енгенің...
 Немене?
 Көп жүрістен күйген бе ерің?!

Аңдап бас аяғыңды, айналайын,
 Сен сүрінсең,
 Мен қалай жайланын?!
 Демейтін қолтығыңнан қайда
 ағайын?..
 Сарбаздай сапта тұрған
 сайланын.

Байыпты бағытынан бұрылмаған,
 Жуасып жұлдыздары жымндаған.
 Шығады шың басына
 шығымды адам,
 Ұлтның ұлағатын ұғын, балам...
 II
 Кенжелеп келіп өкен ақын болған,
 Жыршының жайлауына
 жақын қонған...
 Тәйірі, тірлігі аз тақым толған,



Шырлап шыға алмай жүр атым
 жолдан.
 Шын шайыр шығар ма екен
 шырайлы елден?
 Құлпырып құлаң-өлең
 құлай ма өрден?..
 Жырыма Сырбай ақын
 аты арыған,
 Күшіген секілдімін күнделерімнен.
 Атың қалып қоймасын атанымнан.
 Сен маған секілдісің күнде бала,
 Ұлым-ау,
 Ұқсағаның кімге ғана?
 Алақоңіл әкеңнің мінген ала...
 Кеудене нұры сіңсін,
 Күнге қара!
 Жас жүрек жайдан-жайға
 жайлана ма?
 Барасын бағыт ұстап қайда ғана?..
 Ақ сөзге себелеген айналана,
 Адамсаң, айналайын, айға қара.
 Белді бұған екенсің,
 Бекембісің?!
 Жарқыным,
 Қай шамаға жетер күшің?..
 Бұлдырап,
 Бұлқа сіңіп кетермісің?
 Желпініп жекенің жетермісің?..
 Көз салған көкжиекке көгенінде,
 Қайрылып қараймын кеп
 көкөрімге...
 Бәйгеден келгенінді көремін бе?
 Төріне шығармысың төренің де?..
 О баста бауыр бастық даланы біз,
 Ауыл ғой аңсарымыз,
 Алаңымыз...
 Тартпалы тағдырымыз,
 Таланымыз!..
 Қалада қайырылыста
 қалады ма із?..
 Бай-бай-ай,
 Бала күнгі дала қандай!
 Жұмаққа жаз жайлауды
 балағандай,
 Төрт түлік бауырынан жарағандай,
 Керімсал кекіліңді тарағандай.
 Жүйірігі жылқышының түс алмаған,
 Аңшы аз айна көлден құс аулаған.
 Қоңыр қаз қоңдылықтан
 ұша алмаған,
 Үйіріліп үстемізге құс аунаған.
 Ағаның аң ауладық ақылын ап,
 Қоянды ата тұғын шақырып ап.
 Айрылған аяғынан аты құлап,
 Жүруші ек жылқышыға
 жақынырақ...
 Бал дәурен,
 Бала күнді сағынамын,
 Жалбыздың жапырағын
 жамыламын.
 Алдыман шығатындай ақ лағым...
 Алпыс асып барамын,
 Не қыламын?!
 Қыр асып кеткендеймін
 қас қағымда,
 Қарттықтан қайда барам
 қашқанымда?..
 Анам ұшып жүргендей
 аспанымда...
 Мен әлде бала бола бастадым ба?..
 Кісінің сыңайынан сыр аңдаған,
 Шал қайдан шықсын менен
 шүнаңдаған.

Қу дүние-ай,
 Құйрығынан ұстаппаған!
 Бабалар баласына бата қылған:
 Озсан өз,
 Қалмағай деп қатарыңнан!..
 Жалқаудың жарты жолда
 аты арыған,
 Атың қалып қоймасын атанымнан.
 Сен маған секілдісің күнде бала,
 Ұлым-ау,
 Ұқсағаның кімге ғана?
 Алақоңіл әкеңнің мінген ала...
 Кеудене нұры сіңсін,
 Күнге қара!
 Жас жүрек жайдан-жайға
 жайлана ма?
 Барасын бағыт ұстап қайда ғана?..
 Ақ сөзге себелеген айналана,
 Адамсаң, айналайын, айға қара.
 Белді бұған екенсің,
 Бекембісің?!
 Жарқыным,
 Қай шамаға жетер күшің?..
 Бұлдырап,
 Бұлқа сіңіп кетермісің?
 Желпініп жекенің жетермісің?..
 Көз салған көкжиекке көгенінде,
 Қайрылып қараймын кеп
 көкөрімге...
 Бәйгеден келгенінді көремін бе?
 Төріне шығармысың төренің де?..
 О баста бауыр бастық даланы біз,
 Ауыл ғой аңсарымыз,
 Алаңымыз...
 Тартпалы тағдырымыз,
 Таланымыз!..
 Қалада қайырылыста
 қалады ма із?..
 Бай-бай-ай,
 Бала күнгі дала қандай!
 Жұмаққа жаз жайлауды
 балағандай,
 Төрт түлік бауырынан жарағандай,
 Керімсал кекіліңді тарағандай.
 Жүйірігі жылқышының түс алмаған,
 Аңшы аз айна көлден құс аулаған.
 Қоңыр қаз қоңдылықтан
 ұша алмаған,
 Үйіріліп үстемізге құс аунаған.
 Ағаның аң ауладық ақылын ап,
 Қоянды ата тұғын шақырып ап.
 Айрылған аяғынан аты құлап,
 Жүруші ек жылқышыға
 жақынырақ...
 Бал дәурен,
 Бала күнді сағынамын,
 Жалбыздың жапырағын
 жамыламын.
 Алдыман шығатындай ақ лағым...
 Алпыс асып барамын,
 Не қыламын?!
 Қыр асып кеткендеймін
 қас қағымда,
 Қарттықтан қайда барам
 қашқанымда?..
 Анам ұшып жүргендей
 аспанымда...
 Мен әлде бала бола бастадым ба?..
 Кісінің сыңайынан сыр аңдаған,
 Шал қайдан шықсын менен
 шүнаңдаған.

Қу дүние – қызыл түлкі қылаңдаған,
 Құрығыр құбылып мың
 құралмаған.
 Тектінің тараған ек кіндігінен,
 Кімді көріп жүрмін мен?
 Кімді білем?..
 Төріне төсегеннің құнды кілем,
 Ай аймалап,
 Күн күлген түндігінен.
 Жүргендер жау шапқандай
 жағаласып,
 Апыр-ай,
 Ат оздырды амалы асып.
 Кеткендей ақ пен қара араласып,
 Қара су ішіп жүріміз қара басып.
 Болар ма бұл заманға
 бейімделмей?..
 Несіне ерте тудық,
 Кейін келмей.
 Жүйрігім жүк арбаға жегілгендей,
 Текке секілдімін телінгендей.
 Керенау көрінермін,
 Кінәлама!..
 Адам-ай,
 Айналым-ау дүбараға.
 Ту толқын тулап шетке шығара ма?
 Тұншықсаң түсетіндей кім араға?..
 Тұсында топқа түсіп тоқыраған,
 Ойлылар ойын бағып отыр аман...
 Озып тұр оқығаннан оқымаған,
 Ал біздер секілдіміз соқыр адам.

 Шайырлар шаруаға шалағаймыз,
 Буыны бекімеген баладаймыз.
 Шақтарда шабыттанған
 шала баймыз...
 Апыр-ау,
 Немесенің алмаймыз?!
 Ізіне ере алмаған ірілердің,
 Шырағым,
 Шайырлардың бірі менмін...
 Шау тартқан шақта, бөлкім,
 сүрінермін,
 Тірлігің жасаймын да тірілердің.

Искерлер іліккенді иеленіп,
 Түсуде талапайға түйе беріп...
 Жұмысың жүрмесе де жүйеленіп,
 Сүрінің кісі көрсең сүйе келіп.
 Өлеңмен ес білгелі егіз өстім,
 Әкеңнің жыры жасық дегізбестің...
 Шыққанша шырақ көкке
 көз ілмессің,
 Ұлыса ұлын нашар дегізбестің.
 Қараймын жанарыңа жайрандаған,
 Жабьқсаң жаны өкпенің
 жайланбаған.
 Қос белбеуің белең бос байланбаған,
 Сау болса сандуғашың сайрар,
 балам.
 Біздің хал – хан базары тарағандай,
 Қасқа аты қайтар жолға
 жарағандай...
 Барамын дараланбай,
 Сараланбай!..
 Балам-ай,
 Жүрсем жарар жараланбай.

 Айналайын,
 Арамға араласпа!
 Адал бата жүрмейді арам асқа...
 Бағаналы бұлағың – балабақша,
 Балбұлақтан су іштің бала жаста.

Балбұлақтан су ішкен бала жаста:
 Қайнарына қайырылып қарамас па,
 Қырандайын қанатын тарамас па?..
 Жаксы қылық жігітке жарамас па?!
 Жалын көрсем деп едім
 жанарыңнан,
 Тауды көрсем деп едім
 талабыңнан..
 Қайғы бұлты ұшпасын қабағыңнан,
 Бала күшік тартпасын балағыңнан.
 Алсарса арманың аскаралы,
 Ақ үміттің жүзінен жас тамады.
 Тіріліктің алдырмас тас қамалы,
 Кері кету сондайдан басталады.
 Бала емессің жетпеген балиғатқа,
 Ақыл айтар жастасың азаматқа.
 Апармайды алысқа арам ақша,
 Жарық күнде жаңылып,
 Жаза баспа.
 Берік болғай досыңа бірге жүрген...
 (Кісідеймін мен қазір кімге
 құлған?!)
 Іздейінші ізінді ілгеріден,
 Жобалайын жөніңді жүлделіден.

 Жағада масыл да тұр,
 Асыл да тұр...
 Жамылып жапырағын
 жасын жатыр.
 Жарқыным,
 Жан сырынды жасырма құр,
 Қайырылып қарлығаштай
 қасымда тұр.
 Жас дәурен – жалынды жарыс,
 Балам,
 Қалмайды қатарыңан қарыштаған.
 Арынды ағын судай алыстаған,
 Тағдыры тұлпарлардың таныс
 маған...
 Қосыңға қос қуанды
 қосқандаймын,
 Қос ұлды –
 Қос тұлпарды тосқандаймын.
 Жиреннің жетер жерін
 жоспарлаймын,
 Жетекке ап жететіндей
 дос қамдаймын.

Жалын көрсем деп едім
 жанарыңнан,
 Тауды көрсем деп едім
 талабыңнан..
 Қайғы бұлты ұшпасын қабағыңнан,
 Бала күшік тартпасын балағыңнан.
 Алсарса арманың аскаралы,
 Ақ үміттің жүзінен жас тамады.
 Тіріліктің алдырмас тас қамалы,
 Кері кету сондайдан басталады.
 Бала емессің жетпеген балиғатқа,
 Ақыл айтар жастасың азаматқа.
 Апармайды алысқа арам ақша,
 Жарық күнде жаңылып,
 Жаза баспа.
 Берік болғай досыңа бірге жүрген...
 (Кісідеймін мен қазір кімге
 құлған?!)
 Іздейінші ізінді ілгеріден,
 Жобалайын жөніңді жүлделіден.

 Жағада масыл да тұр,
 Асыл да тұр...
 Жамылып жапырағын
 жасын жатыр.
 Жарқыным,
 Жан сырынды жасырма құр,
 Қайырылып қарлығаштай
 қасымда тұр.
 Жас дәурен – жалынды жарыс,
 Балам,
 Қалмайды қатарыңан қарыштаған.
 Арынды ағын судай алыстаған,
 Тағдыры тұлпарлардың таныс
 маған...
 Қосыңға қос қуанды
 қосқандаймын,
 Қос ұлды –
 Қос тұлпарды тосқандаймын.
 Жиреннің жетер жерін
 жоспарлаймын,
 Жетекке ап жететіндей
 дос қамдаймын.

Абыройнды асыра келген,
 Қайырлы болсын, қасына ерген!
 Бақ деп біл мұны басыма берген,
 Қарлығаштардың қасынан өрген...
 Қарлығаш үйге ұясын салды,
 Қарындас үшін жиясың малды...
 Қиялым қырды қиясын шалды,
 Қиялмен қалай қиясың талды?!
 Балапан барда,
 Балақан барда –
 Нұр құйсын Алла алақандарға!
 Ағарып атқан ала таңдарда,
 Жем тасып жүргей балапандарға.
 Қосыңға талай қосқан құласың,
 Толғанып көкен тосқан мұрасың...
 Жарасымдарың дос-қарындас,
 Қосыла ұшшы, қос қарлығашым!

 Жауынсыз жазда жерің құрғаған,
 Егінші дейтін ерін жырғаған.
 Мейірімсіз мезгіл мені де ұрлаған...
 Нені жазғаным?
 Нені жырлағанм?!
 Жетім жырларым,
 Жетім күндерім!
 Жетім құс еді жетілдіргенім.
 Жетіп алағаным,
 Жетіп жүргенім –
 Өтімем, енді өкпіндіргенім.

Жарқын күндерім,
 Жарқын жырларым!
 Намысқа шапқан
 мен нар тұлғамын...
 Парасаттының паркын жырладым,
 Аймаңдай ұл-қыз
 артылдырғаным...
 Болатжан,
 Соның біреуі едің,
 Тектілік саған түнеді дедім...
 Біледі дедім,
 Іледі дедім,
 Түлкіге түсер түлегім менің.
 Жүйріктің көрдік жүрісін небір,
 Ірі ойлар елдің ірісінде жүр.
 Майдасын да біл,
 Ірісін де біл...
 Шырқашы көзім тірісінде бір.

Жарынның жарты жүрегіндейсің,
 Таяныш тұтар тірегіндейсің...
 Тұлпарым қашан түледі дейсің...
 ...Көкөңіз қанша жүреді дейсің...
 Жарынның жарты жүрегіндейсің,
 Таяныш тұтар тірегіндейсің...
 Тұлпарым қашан түледі дейсің...
 ...Көкөңіз қанша жүреді дейсің...

Жуырда Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ізденуші Ақерке Жолмаханова «Қазақ эмигранттарының естеліктері және мемуарлық шығармаларды оқыту» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғаған болатын.

Жас ғалымның жетістігі



Жас ғалымның ғылыми кеңесшілері – филология ғылымдарының докторы, Қорқыт ата атындағы КМУ профессоры Бағдат Кәрібозұлы, педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры Ботагұл Тұрғынбаева және Түркия Республикасы, Қажы Байрам Уәли университетінің профессоры Хүлиа Касапоглу Ченгел.

Қазақ диаспоралық әдебиеті, эмигрант естеліктері әдебиет-тану ғылымында бұрын-соңды зерттеу нысанына айналмаған. Ізденуші ғылыми жұмысында қазақ эмигранттары Мұстафа Шоқай, Мария Шоқай, Халифа Алтай, Хасен Оралтай, Әлім Алматының естеліктерін талдай отырып, оның жанрлық ерекшеліктеріне, тарихи-танымдық, тәрбиелік мәніне тоқталады. Естеліктердің тарихи дереккөз ретіндегі маңызын зерделей отырып, ондағы сағыныш сарынын ашады.

Қазақ эмигранттарының

«СБ» ақпарат.

МҮШӘЙРА

«Әділдің жыр әлемі – жүрегімде»

«Қызылорда қаламгерлер қауымдастығы» және Қызылорда қалалық мәдениет бөлімінің ұйымдастыруымен талантты тағдырлы акын Әлім Ботановтың шығармашылығын насихаттауға арналған республикалық жыр мүшәйрасы өтті.

Мүшәйрада қалалық Жастар театрының әртістері акынның өлеңдерін оқып, сахналық көрініс жасайды. Сонымен бірге акын сөзіне жазылған өлең орындалады. Жыр кешінде Ә.Ботановтың өмірдегі, өлеңдегі үзенгілес жүрген достары, республикаға белгілі қаламгерлер қонақ болады.

Мүшәйраның шарттары:

1. Мүшәйраға жасы 18-40 аралығындағы ақындар қатыса алады.
2. Олардың өлеңдері алдын ала арнайы комиссияның іріктеуінен өтеді. Іріктеуде жарамсыз деп табылған шығарма мүшәйраға жіберілмейді.
3. Шығармалар мүшәйра талабына сай болуы керек.
4. Мүшәйра жеңімпазы 1, 2, 3-ші орынмен және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталады (сыйлық акциялы).
5. Қазылар алқасы белгіленген орынның немесе сыйлықтың санын еселеуде керісінше қысқартуға құқылы.
6. Шығармалар мына мекенжайға қарашаның 15-не дейінгі уақытта

Мүшәйра талабы:

- а) Ақын 2 өлең оқыды (бірі – арнау, бірі – еркін өлең).
- ә) Қатысушының бірінші өлеңі тағдырлы акын Ә.Ботановтың болымын ашуы тиіс немесе ол шығарма ақындық қасиетке арналады.
- б) Қатысушының киім киісі, өлең оқу мәнері, көрерменмен арақатысы, яғни, аудиторияны назар аударта білуі есенке алынады.

Ұйымдастыру тобы.



түсуі тиіс: Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 «А», «Сыр медиа» ЖШС ғимаратының 2-қабаты, 210-бөлме. e-mail: aishuly_62@mail.ru

Ғылымда өшпес ізі қалды

«Адам баласының бойындағы ең жаман әдет – үздені көп беріп, орындамау. Сөзі байламды адамдарды ұнататын». Бұл – Толыбек ағаның ісінің берекесі жоқ адамдарға ренжігенде айтатын сөзі еді.

Толыбек Қуанышбаев – білім-ғылымға деген ойымды қалыптастырып, шындаған ұстазым. Өмірге басқаша көзқарасымның қалыптасуына да себепкер болған. Сол жылдары факультет деканының орынбасары болып жұмыс істедім.

Қандай тапсырма болмасын, іс-шараларды ұжымның талқысына салып, бірауыздан көпшіліктен шешетін. Ешқашан «мен» деп қара басының қамын ойлаған емес. Шын мәнінде білім алушыларға жаның ұстаз, отбасының қазығы болатын. Адамды сыйлай білетін ақ көңіл, ақ жарқын, жайдары мінезді азамат еді.

Толыбек Досайұлының ғылыми қысқа болғанымен, артында сый-құрметін көрген үлкен-кіші, ғылымдағы өшпес еңбектері қалды. Ол кісі небәрі 46 жыл өмір сүрді. Артында алтын асықтай ұлы мен қызы өмірінің жалғасындай өркендеп келеді.

Толыбек ағай Сыр сүлей-

лері туып-өскен, қасиетті Қармақшы жерінде 1952 жылы 20 қаңтарда дүниеге келген. Орта мектепті де осы жерде тәмамдарасымын қалыптасуына да себепкер болған. Сол жылдары факультет деканының орынбасары болып жұмыс істедім. Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетіне оқуға түсті. Университет қарбырғасында мәдени-көпшілік талқысына салып, бірауыздан көпшіліктен шешетін. Ешқашан «мен» деп қара басының қамын ойлаған емес. Шын мәнінде білім алушыларға жаның ұстаз, отбасының қазығы болатын. Адамды сыйлай білетін ақ көңіл, ақ жарқын, жайдары мінезді азамат еді.

1974 жылы университетті бітіріп, сол жылдары Қызылорда облысы Тереңөзек ауданындағы №36 орта мектепке химия пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасты. Ол мектепте 1976 жылға дейін жемісті еңбек етіп, ғылымға қызығушылықпен институтта жалғастырды. 1976-1980 жылдары Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының химия кафедрасында аға лаборант, 1983 жылдан бастап химия кафедрасында оқытушылық қызмет атқарды.



Доцент Толыбек Досайұлы Қуанышбаевтың 1994-1998 жылдары факультеттегі декандық қызметінің орны ерекше еді. Сол жылдары факультет ұжымының ауызбіршілігі, ұйымшылдығы мықты болатын.

Толыбек Досайұлы әсіресе, студенттердің практикалық іс-тәжірибесінің өз деңгейінде өтуіне ерекше қарайтын, қатты қадағалап отыратын. Ол кісінің айтуынша, аудитория-

дағы он сағат отырып, алған теориялық білімінен, бір рет толыққанды, мағыналы өткен практика әлдеқайда пайдалы әрі тиімді. Шынығында да, солай екеніне көзім жетті.

Ол жылдар тоқыраудың құрсауынан басымызды енді көтерген кез-тұғын. Далалық практика түгілі, аудиториядағы сабақты өз дәрежесінде жүргізу екіталай еді. Өйткені, қаржы тапшы, ал әр прак-

тикалық сабаққа қаншама құрал-жабдықтар, препараттар қажет. Оның барлығын тауып, сабақтың өз деңгейінде өткізілуіне, тығырлықтан жол табуда Толыбек ағайдың ролі күшті болды.

Ол кісі – декан, мен – деканның орынбасары, ұжым мүшелері мен студенттер барлығы бір адамдай бірлесіп, факультеттің түрлі оқу-тәрбиелік, спорттық-мәдени, қоғамдық іс-шараларына атсалысып, барынша белсенділік пен ұйымшылдық көрсете білдік. Басталған істің қасында ұстазымыз жүрсе, міндетті түрде нәтиже жоғары болатын. Сондықтан да одан үйренерміз көп болды. Өткен, өкініштісі, ағамыздан ерте көз жазып қалдық.

Осы естелік арқылы жайдары да жайсаң жанның ізгі қасиеттерін жастарға үлгі студі мұрат тұттық.

Самалбек ҚОСАНОВ, Қорқыт ата атындағы КМУ жаратылыстану институтының директоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты.

Аядай ауылдың денсаулығын күзеткен

Дәрігерлер жайлы не айтуға болады? Адам жанының арашасы дейміз. Басқа да анықтамасы жетерлік, бірақ, оны осылай түйіндейміз. Әр адам өз өмірінде ақ халатты абзал жандармен кездесіп, олардың ыстық ықыласы мен арқауын сезінеді. Осындай құрметті мамандықтың жүгін арқалап жүрген Жанакорғанның Аққұмдағы Айнура аядай ауылдағы жалғыз фельдшер-дәрігер.

Ержан ҚОЖАСОВ.



Расыммен-ау. Ол аудан орталығынан шағын ауылға ауысып келгені ақушерка да, тіс дәрігері де, құлақ ауырып, мұрын бітелсе де, тіпті, жүре-

гі ауырып, аяқ-қолы сынса да алғашқы емдеушісі болып келеді. Киелі Түркістаннан Қыраштағы өнегелі әулеттің біріне келін болып түскен ол

бүгінде өз отбасымен қатар, ауыл-аймаққа қадірлі. Жұрт айтпақшы, «доғдыр келінге» көрініп, титтей кірбін түскен көңілін демдеп жүрген жайы бар.

– Сырқат кісінің денсаулығын қарамастан бұрын, алдымен жақсы қарсы алудың өзі келушіге күш-қуат береді. Өзім екеп салып не дәрі-дәрмек бермесе бұрын, сырқаттың өзіне жылы сөйлеп, қолдау беремін. «Сіз жазылып кетсеңіз» деген жақсы сөздің өзі үлкен сенім ғой. Балаларға да солай. Қүлімсіреп қарсы алғанның өзі адамға жылулық береді емес пе? – дейді Айнура Бекенова.

2007 жылы Түркістандағы медициналық колледжді бітірген Айнура әуелі Сунақта елді мекенінде мейірбикелі болып қызметін бастапты. Одан соң екі жылдай Жанакорған кентіндегі тері аурулары ауруханасында жұмыс істеген. Төрт жылғы аға буыннан алған тәжірибе негізінде Аққұм ауылына келіп, аядай ауылдың денсаулығын күзетіп жүр. Жеті жылдан бері басы ауырып, балтыры сыздаған жас пен көрініп жағдайына қанып, жәрдемші болған Айнураның өз мамандығына әбден ысылғаны білініп-ақ тұр.

Аққұмда 500-ге жуық адам бар. Күндіз 7-8 адам көрмесі, кейде түнде сырқат мазалап шақыратындар болады. Ондайда ұйқыны ысырып қойып, науқас жанынан табылуға үйренгенбіз. Жалғыз фельдшер болған соң, шағын ауылдағылар бірінші өзіме келетіні белгілі ғой. Тіпті, науқас қатты қиналғанда аудан орталығына өзім жедел жәрдем көлігімен алып барамын. Міндетім – адамға араша болу, содан қалт кетпеуге тырысып келемін, – дейді аққұмдық дәрігер.

Айнураның айтуынша, Аққұмда сәби саны өскен. Тіпті, бір жылдары 25 балаға дейін туып, көрсеткіштің күрт артқаны бар. Биылдың өзінде жыл соңына дейін 15-16 шақалақ дүниеге келеді деген есептік болжам да жоқ емес.

Аққұмға сыйлы Айнура азаматы Қанат екеуі төрт баланы тәрбиелеп отыр. Отызды елі орталай қоймаған «доғдыр келіннің» өзі көпбалалы ана болсам деп армандайды. Ал қоғамның басты байлығы – адам өмірінің сақшысы бола білген фельдшерге аққұмдықтардың дән риза екенін біз де байқап қайттық.

Жанакорған ауданы.

Арлан алған Нұрбол

Қоғалықкөлік қақпаншылар тағы бір қасқырды қолға түсірді. Шаруашының басым бөлігін төрт түлікпен байланыстырған елді мекенде «мамылды қасқыр тартты» дегендер көбейген еді. Ауыл тұрғыны Нұрбол Хамзаев түз тағысын қақпанмен алды.

Дәулет ҚЫРДАН.

– Ауыл іргесіндегі Жирентай көлінің аумағына құрғанмын қақпанды. Күнделікті жолы екен. Екеуін құрып едім, біреуіне



түсіпті, екіншісіне ілінбей қалған. Дала жануарларының ішіндегі айлакері де, күштісі де осы ғой. Бұрын-соңды қоян атып, қырауылға шыққаным болмаса, қасқырдың соңына түсіп көрмеймін. Қақпанда жатса да тісін қайрап, адамға қарсы шабуылдап тұр екен, – дейді ол.

Қақпанға түскен қасқырдың арланы екен. Нағашысы Шайхы елге белгілі қақпаншы болған. Бүгінде атқа қонған азамат қақпанның сайлап отыр. Ауылдастары да түз тағысын қолға түсірген Нұрболға дән риза.

Сырдария ауданы.

«Баршаңыздың назарына!» тұрғындарды құлақтандырудың бірыңғай дабылы

Құрметті, облыс тұрғындары мен қонақтары!

Ағымдағы жылы 5-6 қараша аралығында «Қысқы кезең жағдайында төтенше жағдайларды жою кезіндегі іс-қимылдарға азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің басқару органдары мен күштерін дайындау» тақырыбында «Қыс – 2019» республикалық қолма қолдағы құжаттың маңызын оқу-жаттығуын өткізу аясында «Баршаңыздың назарына!» тұрғындарды құлақтандырудың бірыңғай жүйесін іске қоса отырып, облыс аумағындағы төтенше жағдайлардың қауіп туралы тұрғындарды құлақтандыру жүйесіне тәжірибелік пысықтау жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

Құлақтандыру жүйесіне тексеру жүргізу кезінде алаңдаушылық тудырмай, тыныштық сақтауларыңызды сұраймыз. «Баршаңыздың назарына!» Бұл – ескерту дабылы. Бұл дабыл авариялар, зілзалалар, табиғи апаттар, қарсыластардың шабуыл қауіп туралы тұрғындардың назарын аударту мақсатында беріледі. Дабыл сиренаны, үзіліп шығатын дыбыс (гудок), көліктегі және басқа да құралдардағы дауыс зорайтқыштарды қосу арқылы беріледі. Дабыл берілген кездегі халықтың іс-әрекеті: сиренаны, үзіліп шығатын дыбыстың (гудок) немесе т.б. естіген кезде тез арада радионы, теледидарды қосып, Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің іс-әрекет тәртібі туралы хабарламасын тыңдаңыздар. Алынған ақпаратты көршілеріңізге жеткізіп, естіген іс-әрекет тәртібі бойынша әрекет етіңіздер.

Облыстық Төтенше жағдайлар департаменті.

Меншік иесі

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициқталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.